

Президентке «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында жүргізіліп жатқан кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жөнінде мәлімет берілді.

Мұнан соң, Мемлекет басшысы Қазақстанның және Түркістан өңірінің негізгі әлеуметтік-экономикалық жетістіктеріне тоқталып, алдағы даму бағыттары мен стратегиялық міндеттерді атады.

Ең алдымен, баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – өз-Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін атажұртымыздың алтын бесігі – Түркістан ша»арына тағзым ету үшін арнайы келіп отырмын. Ризамын.

Менің Түркістанға ықыласым ерекше екенін жақсы білесіздер. Мемлекет басшысы ретінде алғашқы сапарымды осы өлкеден бастадым. Түркістан – түбі бір түркі жұртының қасиетті шаңырағы. Бұл – халқымыздың болмыс-бітімі, қайсар рухы, теңдессіз мәдениеті және елдік дәстүрі көрініс тапқан киелі жер. Әйгілі Қожа Ахмет Ясауидің мол мұрасы – шежірелі шаһардың рухани қазынасы. Өзірет Сұлтан кесенесі – түркі әлемінің берекелі тұтастығының символы. Төл тарихымызда есімі алтын өріспен жазылған тұғырлы тұлғаларымыз осы жерде мәңгілік мекенін тапқан.

Түркістан – Қазақ хандығының саяси орталығының бірі екенін ешқашан ұмытпауымыз керек. Бұл өңірде ұлттымыздың тағдырын айқындаған аса маңызды шешімдер қабылданды. Ордабасы жерінде осыдан үш ғасыр бұрын ел болашағына айрықша әсер еткен үлкен Құрылтай өтті. Бұл бірегей жиынның мән-мағынасы аса ерекше. Құрылтайда үш жүздің билері және игі жақсылары түгел бас қосып, бір тудың астына жиналды. Ұлт бірлігінің арқасында батыр бабаларымыз Аңырақай шайқасында тарихи жеңіске жетіп, бүкіл сырт елдерге қазақ елі тұтастығының күшін паш етті. Осындай елдік пен ерлік дәстүрі ешқашан үзілген емес.

Біз де тарих жолын жалғастырып, елімізде төрелі жиын, төбелі басқосулар өткізіп келеміз. Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы Түркістанда өткенін жақсы білесіздер.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫ

**Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңірге сапары түркі дүниесінің рухани әрі тарихи-мәдени ескерткіштерінің бірі, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етуден басталды. Мемлекет басшысы кесене аумағында жерленген ғұлама Қожа Ахмет Ясауи мен басқа да әйгілі тарихи тұлғалардың рухына тағзым етті.**

Мен осы жерде «Адал азамат» тұжырымдамасын алғаш рет жарияладым.

Мамыр айының ортасында Түркістанда Түркі мемлекеттері ұйымының аясындағы

Республикасының Конституциясына және Бас құжаттың ережелерін іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым. Енді 1 шілдеден



тиісті мемлекеттер басшыларының ең жоғары деңгейдегі жиыны жоспарланып отыр. Бұл – қазіргі әлемдегі құбылмалы ахуалда өткізілетін өте маңызды халықаралық шара. Үкімет пен әкімдік осы жиынды мінсіз ұйымдастыруға мән беруі керек.

Көне ша»ардың бірегей тарихи келбетін сақтау, мәдени мұрасын қорғау және жалпы осы облысты тұрақты дамыту – еліміз үшін маңызы зор міндеттердің бірі. Мен өзім Мемлекет басшысы ретінде бұл мәселеге айрықша мән беремін.

Бір жыл бұрын Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы арнайы Заң қабылдадық. Бүгінде облыстың даму қарқыны жалпы жақсы деп айтуға болады, көптеген жұмыс істеліп жатыр. Әкім Нұралхан Көшерев белсенді түрде жұмысқа кірісті, өзі жергілікті ахуалмен таныс, жұмысының нәтижесі сәтті болады деп ойлаймын.

Өздеріңізге мәлім, мен осы аптаның басында **Қазақстан**



тар тұр. Біз табанды еңбектің арқасында оның бәрін орындауымыз керек, бұған ешқандай күмән болмауға тиіс. Көп ұзамай Парламент қарауына Президент, Құрылтай, Халық кеңесі, Астананың мәртебесі және еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы жаңа 5 конституциялық заң ұсынылады. Құрылтай, Халық кеңесі институттары арқылы халық билігінің озық үлгісі қалыптасады.

Біз тарихи тағдырымызда ерекше орын алған Ордабасы құрылтайының 300 жылдығында жаңа Конституциямызға сай Құрылтайды қайта жаңғыртатын болдық. Мұның да символдық мәні бар.

Сонымен қатар 8 конституциялық заңға және 60-тан астам заңға, соның ішінде негізгі кодекстерге түзетулер енгізу қажет болады. Осының бәрі болашағымызға күшті ықпал етері анық. Қазақ елі сан ғасыр бойы бірегей Дала заңымен өмір сүрді. Құқықтық мемлекет құру – айбынды бабаларымыздың қастерлі мақсат-мұраты болғанын тарихтан бәріміз жақсы білеміз. Жаңа Конституция – Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Өз Тәукенің Жеті жарғысының бүгінгі құбылмалы, шиеленістер мен соғыстарға толы жаңа геосаяси жағдайда көрініс тапқан жаңа сипаттағы жалғасы. Себебі біз бас құжаттымызды қазіргі

мүлде жаңа, тарихи, геосаяси жағдайда қабылдап отырмыз. Сондықтан, бұл – еліміздің жасампаз рухының көрінісі деп айту қажет

Халық Конституциясын Қуатты, Озық, Өркениетті Қазақстанның жаңа Жарғысы деуге толық негіз бар. Ата заңымыздың ең басты мақсаты – еліміздің Тәуелсіздігін, егемендігін, аумақтық тұтастығын қорғау және азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын сақтау. Сонымен қатар Конституцияға сәйкес Заң мен тәртіп қағидатын орнықтыру, адам капиталын нығайту, яғни, білімді, ғылымды, инновацияны дамыту, еңбекқорлықты дәрiптеу, сондай-ақ табиғатты қорғау стратегиялық маңызы бар міндет ретінде айқындалды.

Ел тарихында алғаш рет Конституцияда мемлекеттік Ту, Әнұран және Елтаңбамен қатар ұлттық валютамыз мемлекет нышаны ретінде көрініс тауып, бекітілді. Сонымен бірге еріктілердің (волонтерлердің) жанкешті қызметі де конституциялық сипатқа ие болды.

Мен неліктен Заң мен тәртіп қағидатын міндетті түрде іске асыру туралы жиі айтамын? Себебі заңдар мен қоғамдық тәртіп қатаң сақталмаса, елімізде ешқандай реформа ойдағыдай жүзеге аспайды. Өйткені, бұл – өмірдің саяси заңы. Ел ішін тұрақсыздық жайлаған, билік институттары орынсыз, жөнсіз сын мен шабуылға ұшыраған мемлекеттерде ешқандай ілгерілеу болмайды.

**Жалғасы 2-ші бетте**

Осы орайда, мен біздің еліміздегі қоғамдық өмір дұрыс табиғи жолмен, яғни, эволюциялық жолмен даму керектігін, тоқырауға мүлде жол беруге болмайтынын жақсы түсінемін. Сол себепті 2022 жылдың өзінде Конституцияға Президентті жеті жылдық мерзіммен бір рет қана сайлау туралы ереже енгізілді. Президенттің жақын туыстарына мемлекеттік қызметте, сондай-ақ ұлттық компанияларда лауазымды қызмет атқаруға тыйым салынды.

Ал жаңа Ата заңға конституциялық және құқық қорғау органдарының басшыларын бір мерзімге сайлау туралы ереже енгізілді. Біз білетін елдердің конституциясында дәл осындай ережелер жоқ деп айтуға болады. **Мен жаңа консультативтік орган ретінде құрылатын Халық кеңесіне үлкен үміт арттым.** Бұл құрылым қоғамдық-саяси өмірге қатысты аса өзекті мәселелерді талқылайды, сондай-ақ Құрылтайға заң жобаларын ұсынады, яғни, Халық кеңесі заң шығару бастамасын

болуға, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға міндетті деп тайға таңба басқандай жазылды. Бұл тарихи жәдігері мол Түркістан халқы үшін маңызды жаңашылдық деп ойлаймын.

Бірегей болмысы мен төл мәдениетіне табан тіремеген ел дамудың даңғыл жолына түсе алмайды. Біз, елімізде тұрып жатқан біртұтас қазақ халқы, жаңа Ата заңды бағдар етіп ұстап, жұдырықтай жұмылып, мемлекеттілігімізді одан әрі нығайта беруіміз керек.

Осы сөтті пайдаланып, тағы бір маңызды мәселені көтерейін деп отырмын. **Мен Ұлттық құрылтайдың отырысының бірінде әйгілі Қожа Ахмет Ясауи туралы айттым. Бұл – бүкіл жер жүзіндегі адамзатқа ортақ ғұлама, оны бәріміз ең алдымен қазақ халқының мақтанышы ретінде қабылдауымыз керек.** Қожа Ахмет Ясауиді әлемнің әрбір түкпірінде, әсіресе, ірі мемлекеттерде кең ауқымда дәріптеуіміз қажет, бірақ ең біріншіден Қазақстанның жұртшылығына танымал етуіміз керек.

некер болғысы келмейді, бірақ, өзіміздің жерімізді бейбіт келіссөздер үшін ұсынуға дайынбыз. Меніңше, Түркістанда осындай келіссөздер өткізуге болар еді. Алайда, бұл мәселе қақтығысқа тікелей қатысып отырған мемлекеттерге байланысты. Ең алдымен олар оң шешім қабылдауы керек. Ал менің ұсынысым, бұл – қазақ халқының ізгі ниетінің көрінісі.

Әбден кеш болмай тұрғанда қарулы іс-әрекеттерді доғарып, келіссөздерді бастау қажет сияқты, әйтпесе, әлемдік экономиканың дағдарысқа ұшырауын айтпағанда, көптеген халықтың бейбіт өмірі, тыныштығы бұзылады, дүние жүзіндегі тұрақтылықтың тұғыры шайқалады.

Осы күрделі ахуалға қарамастан, біз барлық сын-қатерді еңсеріп, алға қарай нық сеніммен қадам басып келе жатырмыз. Былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Жалпы ішкі өнім 306 миллиард долларға жетті. Ал оның жан басына шаққандағы үлесі алғаш рет 15 мың доллар болды. Бұл – ТМД елдерінің арасындағы рекордтық көрсеткіш. Алтын-валюта қорымыз

тылды. Өткен жылы ауыл шаруашылығы саласында 250 өндіріс іске қосылды. Ауылдағы шаруаларға жағдай жасау үшін мемлекет бюджетінен 1 триллион теңгеден астам субсидия бөлінді. Мұндай қолдау Тәуелсіздік тарихында бұрын-соңды болмаған. Алайда, біз ауыл шаруашылығының тиімділігін күшейтуіміз керек. Бұл саладағы өндірістің құнын ұлғайту қажет.

Биыл 222 су шаруашылығы нысаны салынып, жаңғыртылып жатыр. Еліміздегі 37 жылу электр станциясы жөнделуде. Сонымен қатар Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларында жаңа жылу электр станциялары салынатын болады. Биыл 440 қосалқы станция және 17 мың шақырымнан астам электр желісі жаңартылады.

Былтыр 1500 шақырым темір жол салынып, жөндеуден өтті. Бұл да рекордтық көрсеткіш. Биыл 3700 шақырымнан астам жаңа темір-жол желісі төселіп, іске қосылады. Ал автокөлік жолдарына келсек, былтыр жалпы ұзындығы 13 мың, соның ішінде жергілікті маңызы бар 3 мың шақырым тас жол

біз жыл бойы айналысуымыз керек, бұл ұлт болмысының ажырамас бөлігі болуға тиіс. Әсіресе, Ұлыстың ұлы күні тазалық философиясын кеңінен дәріптеу маңызды.

Ұлыстың ұлы күні Жер Анада, еліміз де жаңарып жатқан осы тарихи сәтте айтылған тілектің мән-мағынасы айрықша деп ойлаймын. Сондықтан ең бастысы елімізге амандық, жерімізге тыныштық тілеймін. Қасиетті Отанымыз – Қазақстан Республикасы мәңгі жасасын! Ата заңымыз өз тұғырынан түспесін! Туымыз биікте жел біресін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Еліміздің төрт құбыласы түгел болсын!

**Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.**

**Қазақстан Республикасы президентінің Жарлығымен елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін мына азаматтар наградалды:**

**екінші дәрежелі «Барыс» орденімен**

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНА

көтеру құқығына ие болады.

Тағы бір маңызды мәселе туралы айтқым келеді. Сарапшылардың пайымдауынша, жасанды интеллект дәуірінде адамзат санының шешуші фактор ретіндегі рөлі азаяды. Сондықтан мәселе – халықтың санында емес, мәселе – адамдардың білімі мен қабілетінде болмақ. Соған байланысты біз бәріміз және ең алдымен Үкімет білім беру саласына баса мән беруі керек. Озық, дамыған мемлекеттің бәрі көпбағытты саясатты қатаң ұстанатын болды, олардың көбі өздеріне қабілетті, дарынды адамдарды, ғалымдарды, әсіресе, жастарды тартып жатыр, оларға қолайлы жағдай жасауда. Себебі озық елдердің негізгі қозғаушы күші – білімді, ақылды, еңбекқор, ұқыпты адамдар. Бұл – ақиқат. Біз де озық ел боламыз десек, осы саясатты тиімді түрде іске асыруымыз керек. Адам капиталының сапасын мейлінше жетілдіріп, күшейтуіміз қажет. Бұл – жаңа дәуірдегі бәсекеге толы өмірдің заңы, бұрын-соңды болмаған, мүлде жаңа құбылыс. Осы заманауи үрдісті ашық көзқараспен саналы түрде қабылдап, үлкен дайындықпен қарсы алуымыз керек.

Ата заңда Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұраның сақталуына қамқор

Осы тарихи тұлғаға жоғары сапалы туындыларды және фильмдерді арнауымыз керек. Еліміздің әрбір облысында Қожа Ахмет Ясауидің бірегей зияткерлік мұрасына арналған оқуларды ұйымдастыру қажет. **Мен жақын арада мемлекеттік наградалар қатарына Қожа Ахмет Ясауи орденін енгізу жөнінде Жарлыққа қол қоямын. Бұл жоғары марапат белгілі отандық және шетелдік ғалымдарға, мемлекет және қоғам қайраткерлеріне тапсырылады. Бұл орденнің мәртебесі жоғары болуға тиіс.**

Баршаңызға белгілі, соңғы жылдары халықаралық геосаяси ахуал аса күрделі және құбылмалы. Көптеген елдерде қарулы қақтығыстар, тіпті, соғыстар болып жатыр. Бұл үдерістер өлем экономикасына кері әсерін тигізіп отыр. Оны біз Таяу Шығыстағы соғыстан көріп отырмыз. Соғыс әбден шиеленісіп кетті. Меніңше, бұл қақтығыста ақыры еш мемлекет өз пайдасына қол жеткізе алмайды. Қазақстан қақтығыс болып жатқан аймақтың бір бөлігі. Сондықтан осы қастерлі жерден халықаралық қауымдастыққа Үндеу жасағым келеді.

Ең алдымен, азаматтық, экономикалық нысандарға қарулы шабуылдарды тоқтату керек. Содан соң келіссөздерді бастау керек. Қазақстан бұл күрделі ахуалда дә-

74 миллиард долларға жуықтады. Біз осындай жоғары деңгейге Тәуелсіздік тарихында алғаш рет жетіп отырмыз. Орталық Азия аймағына тартылған таза шетел инвестициясының 69 пайызы Қазақстанға тиесілі. Шағын және орта бизнестің ұлттық экономикадағы үлесі бүгінде – 40 пайыз. Азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 75,9 жасқа жетті. Біз биыл әлемдегі экономикасы аса ірі 50 елдің қатарына қосылдық. Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша жаңа ағымдағы экономикадағы үлесі бүгінде – 40 пайыз. Азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 75,9 жасқа жетті. Біз биыл әлемдегі экономикасы аса ірі 50 елдің қатарына қосылдық. Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша жаңа ағымдағы экономикадағы үлесі бүгінде – 40 пайыз. Азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 75,9 жасқа жетті. Біз биыл әлемдегі экономикасы аса ірі 50 елдің қатарына қосылдық. Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша жаңа ағымдағы экономикадағы үлесі бүгінде – 40 пайыз.

Еліміздің ынтымақ-бірлігі мен халқымыздың табанды еңбегінің арқасында орасан зор табысқа қол жеткіздік. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Қазір арқаны кеңге салатын заман емес. Әлемдік және аймақтық бәсеке күшейіп бара жатыр. Біз Қазақстанды шын мәнінде өркендеген және Озық ел ету үшін ауқымды әрі жүйелі жұмысты қолға алдық.

Қазірдің өзінде бұл жұмыс нақты нәтижесін беріп жатыр. Мысалы, соңғы екі жыл қатарынан өңдеу өнеркәсібінің өсімі 6 пайыздан асты. Үкіметтің дерегіне сәйкес, былтыр елімізде 190 кәсіпорын ашылып, 22 мыңнан астам адам жұмыспен қам-

жөндеуден өтті. Биыл тағы 2300 шақырымға созылатын жергілікті жолдар жаңғыртылады. Алдағы үш жылдың ішінде 32 мың шақырым жол нормативтік талапқа сай жөнделеді.

Жол – стратегиялық мәні айрықша мәселе, себебі, сапалы жол болса, жұртымыз тұрмыс-тіршілігін жақсартып, кәсібін дамыта алады, бұл белгілі нәрсе. Алайда, біз бұдан да биік мақсаттарға қол жеткізуіміз керек. Жаңа Конституциямыз жаңа жетістіктерге жол ашып, зор табысқа жетуімізге кепіл болары анық. Мен бұған көміл сенемін.

Қадірлі қауым!

Өз-Наурыз – тазару, жаңару уақыты. Тазалық – мән-мағынасы кең ұғым. Бұл – ең алдымен, ой тазалығы, сана мен ниет тазалығы деген сөз. Осыдан екі жыл бұрын елімізде «Таза Қазақстан» жалпұлттық акциясы бастау алды. Ауқымды жоба халықтың, әсіресе, жастардың жаппай қолдауына ие болды. Азаматтарымыз тазалықты құр сөзбен емес, нақты ісімен көрсетуде. Ұқыптылық, жинақылық, тиянақтылық қасиеттері ұлттымыздың жаңа сапасына айнала бастады.

Жалпы, «Таза Қазақстан» бастамасы жай ғана кезекті саяси науқан немесе үгіт-насихат емес, бұл – мемлекетіміздің мызғымас идеологиясы. Сондықтан осы игі іспен

1. Мәуленқұлов Жеңісбек – «Ардагерлер ұйымы» бірлестігі Түркістан облыстық филиалының төрағасы;

**үшінші дәрежелі «Барыс» орденімен**

2. Үмбеталиев Алтынсары – «Атанат» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы

3. Әбіш Дулатбек – «Айғақ» Телерадиокомпаниясы» ЖШС-ның бас директоры;

**«Парасат» орденімен**

4. Дауылбаев Еркебұлан – Түркістан облысы әкімінің орынбасары

5. Худайбергенов Бауыржан – Кентау трансформатор зауытының басқарма төрағасы

6. Қарсыбаев Арман – Шардара ауданының әкімі

7. Құлбайымбетов Жарқынбек – Түркістан қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы

8. Шойбеков Бекарыс – Балалар мен жасөспірімдер орталығының директоры;

**«Күрмет» орденімен**

9. Алтаев Ертай – Түркістан облысы әкімінің орынбасары

10. Әшірбаев Бақытжан – Түркістан облысы бойынша «Дауыс» байқаушылар коалициясының жетекшісі

11. Асанов Бахыт – Мақтаарал ауданының әкімі

12. Өсербаев Аңсар –

Түркістан облысы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

13. **Оразалиев Мадияр** – Сайрам ауданының әкімі

14. **Рысбеков Қыдыр-рали** – «Ардагерлер ұйымы» бірлестігі Түркістан қалалық филиалының төрағасы

15. **Пазылбекұлы Әзімбек** – Түркістан қаласының әкімі;

**екінші дәрежелі**

**«Еңбек Даңқы»**

**орденімен**

16. **Әшіров Нұржан** – «Сапа-2002» серіктестігінің директоры;

**«Ерен еңбегі үшін»**

**медалімен**

17. **Темірбекова Жанар** – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры

18. **Әубәкірова Ләззат** – Мұхтар Әуезов атындағы мектеп-гимназиясы директорының орынбасары, Арыс қаласы

19. **Жұбаев Нұрлан** – Отырар аудандық референдум комиссиясының төрағасы

20. **Қалмурзаев Алтын-**

**лиалының төрағасы**

34. **Қаратаев Ерден** – Түлкібас аудандық референдум комиссиясының төрағасы

35. **Мамытов Серік** – Жетісай ауданының әкімі

36. **Құлажанов Қуандық** – Түркістан облыстық референдум комиссиясының мүшесі

37. **Муслимбеков Ахмаджон** – Ұлықбек атындағы жалпы білім беретін мектеп директорының орынбасары, Сауран ауданы

38. **Қасымбек Әлия** – Қ.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Заң факультетінің деканы

39. **Мұсаев Дәулет** – «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасының бас дәрігері

40. **Раманқұлов Бақытжан** – «Ауыл» партиясы Түркістан облысы бойынша өңірлік филиалының төрағасы

41. **Сариев Дәурен** – Келес ауданы әкімінің орынбасары

42. **Сәдуаев Бекзат** – Кентау қалалық референдум комиссиясының төрағасы

43. **Серіков Бахыт** – Жетісай аудандық сайлау комиссиясының төрағасы

44. **Сүлейменова Мира** – Түркістан облысы әкімі аппараты баспасөз қызметінің басшы – баспасөз хатшысы

45. **Тоғызбаев Айдос** – Түркістан облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары

46. **Усканбаев Бахтиёр** – Түркістан облыстық референдум комиссиясының мүшесі

47. **Хасанов Бахытбек** – Түркістан облыстық аумақтық референдум комиссиясы төрағасының орынбасары

48. **Үсенбеков Бағлан** – Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімі аппаратының бөлім басшысы

49. **Хидиров Ералы** – «Сәт» Медиа-Холдинг директорының орынбасары, Сарыағаш ауданы.

Салтанатты жиыннан соң Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан халқымен Наурыз мерекесін тойлады. Президент Ұлыстың ұлы күніне арналған концертті тамашалады. «Керуен сарай» кешенінің аумағында жұртшылыққа көктем мен жаңарудың сипатын сездіретін концерттік бағдарлама ұсынылды.

Ақорда.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ДУЛАТ ӘБІШТІ ІІІ ДӘРЕЖЕЛІ «БАРЫС» ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАДЫ



Түркістан төрінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен ел дамуына елеулі үлес қосып жүрген бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар табысталды. Салтанатты рәсімде елдің өлеуметтік-экономикалық өркендеуіне, қоғамдық тұрақтылық пен рухани құндылықтарды нығайтуға сүбелі үлес қосқан тұлғалардың еңбегі жоғары

бағаланды.

Осы марапатқа ие болғандардың қатарында Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, Қазақстан Журналистер академиясының академигі, «Айғақ» телерадиокомпаниясының басшысы Дулат Әбіш те бар. Ол ІІІ дәрежелі «Барыс» орденімен наградталды.

Дулат Әбіш – билік пен бұқараның арасында алтын көпір орнатып, халықтың мұң-мұқтажын мінберден батыл көтеріп жүрген халық қалаулысы. Әсіресе, сайлаушылардың өлеуметтік инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерін шешуде жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Сонымен қатар, ақпарат саласында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, ұлттық журналистиканың дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған кәсіби маман.

Ол басқаратын «Айғақ» телерадиокомпаниясы өңірдегі өткір мәселелерді көтеріп қана қоймай, ел бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған мазмұнды жобаларымен де танымал. Арна арқылы қоғамдағы өзекті тақырыптар кеңінен қозғалып, халық пен билік арасындағы ашық диалогтың қалыптасуына ықпал етіп келеді.

Мемлекет басшысы атап өткендей, ел дамуы – әр азаматтың адал еңбегі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Осы тұрғыда Дулат Назарбекұлының көпжылдық еңбегі мен қоғамдық белсенділігі жоғары мемлекеттік марапатпен лайықты бағаланды.

Бұл марапат – тек бір азаматтың емес, жалпы өңір журналистикасының, елдік мүддеге қызмет етіп жүрген ақпарат саласы өкілдерінің еңбегіне берілген баға деуге толық негіз бар.

«Айғақ» - ақпарат.

## ЖҰМЫС САПАРЫ

бек – Қазығұрт аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы

21. **Аралбеков Нұркен** – Түркістан облысы әкімі аппаратының бөлім басшысы

22. **Байтуғанов Фархат** – Түлкібас ауданы әкімі аппаратының басшысы

23. **Бородина Светлана** – № 5 мектеп-гимназиясының директоры, Төлеби ауданы

24. **Бәкіров Әбдухат** – Созақ ауданы әкімі аппаратының басшысы

25. **Дүйсенбеков Тұрсыннәлі** – еңбек ардагері, Бәйдібек ауданы

26. **Дәулетов Мәлік** – «Түркістан Медиа» серіктестігінің директоры-редакторы, Түркістан қаласы

27. **Есенбаев Ералхан** – еңбек ардагері, Сарыағаш ауданы

28. **Жамалбеков Нұржан** – «Сайрам-сүт» серіктестігінің директоры

29. **Жанғазиев Бағдатбек** – Төлеби ауданы әкімінің орынбасары

30. **Қырықбаев Марат** – Бәйдібек аудандық референдум комиссия төрағасы

31. **Кәрімов Зуфар** – № 8 Айни атындағы жалпы білім беретін мектеп мұғалімі, Сарыағаш ауданы

32. **Көкенов Ербол** – «Кеп Group KZ» серіктестігінің директоры, Түркістан қаласы

33. **Қамбарова Зухра** – Қазақстан халық партиясы Түркістан облыстық фи-

2024–2025 жылдары «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 460 мың оқушы орнына арналған жаңа форматтағы 217 мектеп салынды. Оның ішінде 105 мектеп 2024 жылы, 112 мектеп 2025 жылы пайдалануға берілді. Жобаны іске асыру нәтижесінде 52 үш ауысымды және 12 апатты мектеп мәселесі шешіліп, 100-ден астам мектептегі орын тапшылығы қысқартылды. Барлық нысан бірыңғай стандарт бойынша салынған және қалаларда да, шалғай елді мекендерде де балаларға бірдей жоғары деңгейдегі білім алу жағдайын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, 87 мектеп немесе 40%-ы ауылдарда салынды, бұл сапалы білімнің қолжетімділігін арттырып, қала мен ауыл арасындағы инфрақұрылымдық алшақтықты азайтты. Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен баспасөз мәслихатында ҚР Оқу-ағарту вице-министрі Жайық Шарабасов мәлімдеді.

Вице-министрдің айтуынша, мектептерді салу Ұлттық қордан бөлінген нысаналы трансферттер есебінен екі механизм арқылы жүзеге асырылды. Бірінші механизм – «Samsung-Kazyna Construction» АҚ бірыңғай операторы арқылы «кілтпен тапсыру» форматында орталықтандырылған құрылыс, оның аясында 208 мектеп салынды. Бұл тәсіл сапаның бірыңғай стандартын сақтауға, мерзімдерді орталықтандырылған бақылауға және сатып алу рәсімдерін оңтайландыруға мүмкіндік берді. Екінші механизм – жергілікті атқарушы органдардың жеке инвесторлар салған және белгіленген талаптарға сәйкес

## ЕЛІМІЗДЕ ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ 217 МЕКТЕП САЛЫНДЫ

кетелін дайын мектептерді сатып алуы. Бұл механизм бойынша 9 мектеп іске асырылды, оның ішінде 1 мектеп Астанада және 8 мектеп Алматыда.

Сондай-ақ спикердің айтуынша, Оқу-ағарту министрлігі ұлттық жобаның іске асырылуына жалпы бақылауды, оның ішінде үйлестіруді, мониторингті және әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етті. Ал, тікелей құрылыс жұмыстары Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің бақылауында болды. Жобаны іске асыруға шамамен 30 мемлекеттік орган мен ұйым, оның ішінде 20 өңірдің әкімдігі қатысты.

«Құрылыс барысында негізінен отандық өндірістің заманауи материалдары пайдаланылды. Осылайша жоба ұлттық экономика мен өңдеуші өнеркәсіптің дамуына мультипликативтік өсер етті. Барлық мектептер типтік жобалар бойынша салынып, сыйымдылығы 300-ден 2500 оқушы орнына дейінгі 7 санатқа біріз-

дендірілді. Бұл құрылыс сапасына бірыңғай тәсілді қамтамасыз етуге, іске асыру мерзімдерін оңтайландыруға және бюджет қаражатын тиімді пайдалануға мүмкіндік берді», – деді Жайық Шарабасов.

Қосымша кепілдік міндеттемелер қарастырылған: гимараттардың құрылыс-конструктивтік бөлігіне 5 жыл, ал жабдықтар мен жиһаздарға 3 жыл кепілдік мерзімі белгіленген. Бұл нысандардың сапасын және олардың кейінгі пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

«Эргономикалық кеңістік – жаңа форматтағы мектептердің басты артықшылықтарының бірі. «Келешек мектептері» жобасындағы мектептердің ауданы бұрынғы типтік жобалармен салыстырғанда орта есеппен 15–20%-ға ұлғайтылған, ал техникалық жабдықтау деңгейі 4 еседен астам жоғары», – деп қосты вице-министр.

Primeministr.kz



2026 жылдан бастап Салық кодексіне Қазақстанда салықтық өкімшілендірудің заманауи моделін қалыптастыруға бағытталған өзгерістер енгізілді. Реформаның негізгі мақсаты – экономиканың ашықтығын арттыру, көлеңкелі айналымды азайту және адал бизнеске өкімшілік жүктемені төмендету. Жаңа Салық кодексі шеңберінде салық базасын төмендету мен салық төлеу тәуекелдерінің алдын алуға бағытталған құқықтық және бақылау тетіктерінің кешені қалыптастырылды. Бұл жайлы ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Сейілжан Ахметов ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында айтып берді.

Жаңа жүйенің негізгі қағидасы – салық төлеушінің адалдығы, яғни кәсіпкерлік әрекеттің фактілерін бұрмалауды және нақты экономикалық мәні жоқ формальды схемаларды қолдануды болдырмайды.

Оның хабарлауынша, құжатта төуелді және байланысы бар тұлғаларға қатысты критерийлер бекітілген, бұл кірістерді жасанды түрде қайта бөлу схемаларын анықтауға мүмкіндік береді.

«Маңызды өзгерістердің бірі – арнайы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілермен операциялар бойынша шегерімдердің жойылуы, бұл бизнестің бөлінуін және кірістерді жеңілдетілген салық режимдеріне шығару әрекеттерін болдырмауға бағытталған. Сонымен қатар тұрғын үй қорын жүзеге асыру кезінде ҚҚС-тан босатылу жойылды, бұл салық салуда тең жағдайларды қамтамасыз етуге және осы норманы салықтық жеңілдіктер алу мақсатында пайдалануды болдырмауға бағытталған. Жаңа салық өкімшілендіру моделінің негізі

## САЛЫҚТЫҚ ӨКІМШІЛЕНДІРУДІҢ ЖАҢА МОДЕЛІ ЕНГІЗІЛДІ



– тәуекелдерді басқару жүйесі, ол ақпараттық жүйелер деректерін талдауға және бақылау шараларын нақты түрде қолдануға мүмкіндік береді – әсіресе, салықтық тәуекелі жоғары салық төлеушілерге қатысты», – деді спикер.

Салықтық өкімшілендірудің жаңа моделі ақпараттық жүйелердің деректерін талдауға және бақылау шараларын жеке-жеке қолдануға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқару жүйесі болып табылады. Ол ең алдымен салықтық тәуекелдері жоғары салық төлеушілерге қатысты.

Биылдан бастап тәуекелдерді басқару жүйесі салық төлеушілерді дәрежелері бойынша бөлуден нақты салықтық тәуекелдер мен бұзушылықтарды анықтауға қайта бағдарланды, бұл салықтық өкімшілендірудің проблемалық аймақтарына жеке-жеке

әрекет етуге мүмкіндік береді.

ТБЖ жаңа тұжырымдамасын енгізу шеңберінде мемлекеттік кірістер органдары салық төлеушінің рейтингісін (тәуекел дәрежесін) және салықтық тексерулер тізімдерін жариялаудан бас тартады. Енді жекелеген салық төлеушілер бағаланбайды, ал тәуекелдерді талдау және бағалау салықтар, төлемдер, салалар, өңір, салық төлеушілер топтары және салық міндеттемелерінің түрлері бойынша жүргізіледі. Салықтық тәуекел деңгейіне байланысты оны төмендету бойынша шаралар қолданылады.

Айта кетерлігі, 2026 жылдан бастап салықтық есептілікті ұсынбау ұғымы алынып тасталды. Декларацияны ұсынбау нөлдік декларацияға теңестіріледі, ал камералдық бақылау есептілікті ұсыну мерзімі өткеннен кейін автоматты түрде жүргізіледі

және барлық салық төлеушіге қолданылады.

Сонымен қатар салықтық өкімшілендіру тәсілдері нақты ажыратылды. Камералдық бақылау дербес блокқа бөлінді, ЭШФ жазып беру бойынша бақылау «e-Тамға» сервисіндегі ҚҚС балансы негізінде салыстырмалы бақылаудың автоматтандырылған форматына ауыстырылды, бірыңғай тіркеу мониторингі енгізілді.

Салық кодексінде қамтылған негізгі бағыттардың бірі – салықтық өкімшілендіруді цифрландыру. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Мемлекеттік кірістер комитетінің барлық ақпараттық жүйесіне IT-аудит жүргізілді. Оның нәтижесінде МКК жаңа ақпараттық архитектурасын жасады: 14 жүйенің орнына 5 жүйе қалды – SDF, СӘИЖ, ТБЖ, ЭШФ, Кеден (АСТАНА-1). @ш жаңа жүйені (СӘИЖ, SDF, Кеден (АСТАНА-1)) енгізу микросервистік архитектурға көшуге, бизнес-процестерді тиімділігін арттыруға және үлкен деректерді өңдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ 78 дереккөзден мәліметтерді жинақтайтын және салық төлеушілердің цифрлық профилін қалыптастыратын Smart Data Finance жүйесі енгізілді.

Big Data инфрақұрылымын құру және ақпараттық жүйелердің жаңа архитектурасына көшу салық төлеушілердің мүдделеріне сай жасанды интеллект құралдарын енгізуді қоса алғанда, цифрлық сервистерді одан әрі дамытуға негіз қалайды.

**Елорда.**

## СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА ЕЛДЕ 582 СУ ӨТКІЗГІШ ҚҰБЫР ОРНАТЫЛДЫ



Автомобиль жолдарын су тасқынына дайындау аясында жол инфрақұрылымының қауіпсіздігі мен тұрақтылығын арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соңғы жылдары республикалық маңызы бар жолдарда жүргізілген кешенді шаралардың нәтижесінде су тасқыны қаупі бар учаскелер саны 396-дан 229-ға дейін қысқарды. Бұл көрсеткішке реконструкция, сондай-ақ күрделі және орташа жөндеу жұмыстарының нәтижесінде қол жеткізілді. Бұл туралы ҚР Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің төрағасы Төлеген Абдуллин ОКҚ алаңындағы дөңгелек үстелде хабарлады.

Оның айтуынша, былтыр 582 су өткізгіш құбыр орнатылды, оның ішінде 162-сі қайта жаңарту аясында, 54-і

күрделі жөндеу кезінде және 366-сы орташа жөндеу жұмыстары барысында жүзеге асырылды. Биыл 201 су өткізгіш құбыры салынады.

«Сонымен қатар бес көпірге күрделі жөндеу жүргізілді: оның төртеуі Шығыс Қазақстан облысында және біреуі Қостанай облысында. Биыл Ақмола және Ақтөбе облыстарындағы 2 көпірді күрделі жөндеу аяқталады. Қазіргі таңда су тасқынына қарсы іс-шаралар бекітіліп, орталық және өңірлік деңгейлерде комиссиялар құрылды, жол қызметтері тәулік бойы кезекшілікпен күшейтілген жұмыс режиміне көшірілді. Ең қауіпті учаскелерде баламалы бағыттар әзірленді», – деді спикер.

Су өткізгіш құбырларын тазалау жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде, бүгінде

олардың 15 мыңнан астамы тазартылып, жалпы санының шамамен 97%-н құрады. Ең алдымен республикалық маңызы бар жолдар желісі бойынша су тасқыны кезеңіне дейін 86 мың текше метрден астам инертті материалдар дайындалды. Оның ішінде 16 мың текше метр құм-қиыршық тас қоспасы, 40 мың текше метр тас және 5 мың текше метр қиыршық тас. Сонымен қатар 280 мың қап қоры өзірленді. Су тасқыны кезінде жедел әрекет ету үшін 2 мыңнан астам техника бірлігі дайындалды.

Жергілікті маңызы бар жолдардың жалпы ұзындығы шамамен 70 мың шақырымды құрайды. Атап айтқанда, жергілікті жолдарда 1964 көпір мен 30 мыңнан астам су өткізгіш құбыр орналасқан. Шамамен 280 қауіпті учаске ерекше бақылауға алынды.

Су тасқынына дайындық аясында жергілікті атқарушы органдар 50 мың текше метрден астам құм, 30 мың текше метрден астам топырақ, 115 мың текше метрден астам құм-қиыршық тас қоспасы мен 25 мың текше метр қиыршық тас дайындады. Сонымен қатар 400 мыңнан астам қап өзірленді.

**Астана.**

## ЖЫП БАСЫНАН БЕРІ КӨЛІКТЕГІ ПОЛИЦЕЙЛЕР 211 МЫҢҢАН АСТАМ ТУРИСТІК КАРТА ТАРАТҚАН

«Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында Астана қаласының халықаралық әуежайында шетелдік азаматтарды ақпараттандыруға бағытталған акция өткізілді. Іс-шара барысында Омбы – Астана әуе рейсімен келген туристерге QR-коды бар туристік карталар таратылды, деп хабарлайды ҚР Ішкі істер министрлігі.

Мұндай туристік карталар Қазақстан Республикасына кіреберісте, халықаралық әуежайларда және теміржол вокзалдарында үлестіріледі. Туристік карталар арқылы шетелдік қонақтар Safetravel.kz порталы мен мобильді қосымшасына қол жеткізе алады. Аталған ресурста полиция, жедел жәрдем, құтқару қызметтері, такси қызметтері мен байланыс операторларының байланыс нөмірлері, сондай-ақ көші-қон есебіне қою тәртібі мен жеке қауіпсіздікке қатысты ұсынымдар қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдерінде ұсынылған. Бұл шетелдік азаматтарға қажетті ақпаратты жедел алып, қажет болған жағдайда тиісті көмекке жүгінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар туристерге Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасының талаптары да түсіндірілді.

– Негізгі мақсатымыз – қоғамдық тәртіпті сақтай отырып, азаматтар мен шетелдік қонақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың елімізде қауіпсіз өрі жайлы болуына жағдай жасау, – деді Көліктегі полиция департаменті Көші-қон қызметі басқармасы бастығының орынбасары Ерлан Тоғызбаев.

Жыл басынан бері QR-коды бар 211 мыңнан астам туристік карта таратылған. Шетелдік азаматтарды ақпараттандыру және сүйемелдеу жұмыстары тұрақты негізде жүргізіліп, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Осындай іс-шаралар Алматы, Шымкент, Түркістан, Ақтау және Өскемен қалаларының әуежайларында да өткізілді.



Соңғы жылдары Қазақстанда ғылым мен жоғары білім саласын дамыту мемлекеттік саясаттың стратегиялық басымдықтарының біріне айналды. Мемлекет басшысы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында еліміздің болашағы жоғары технологиялар мен жасанды интеллектіні тиімді пайдаланумен тікелей байланысты екенін атап өтті. Осы бағытта ұлттық ғылымды дамытуға айрықша көңіл бөлініп, соңғы бес жыл ішінде білім мен ғылым саласына салынған инвестициялар бес есеге артты.

Президент атап өткендей, ғылым мен жоғары білім жүйесінде бірқатар жүйелі өзгерістер жүзеге асырылып жатыр. Елі-



## БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМҒА БӨЛІНЕТІН ҚАРЖЫ БЕС ЕСЕГЕ АРТТЫ

мізде зерттеу университеттері көбейіп, олардың өнеркәсіппен байланысы күшейіп келеді. Қазіргі таңда 300-ге жуық коммерциялық ғылыми жоба іске асырылады. Осы арқылы «Университет – зерттеу – инновация – коммерция» қағидатына негізделген кешенді жүйе қалыптасып келеді. Бұл модель ғылым нәтижелерін нақты экономикалық тиімділікке айналдыруға мүмкіндік береді.

Халықаралық академиялық әріптестік те қарқынды дамып жатыр. Бүгінде Қазақстан әлемнің 40 жетекші жоғары оқу орнымен стратегиялық серіктестік орнатып, елімізде Ұлыбритания, АҚШ, Қытай, Италия, Оңтүстік Корея және басқа да мемлекеттердің академиялық мектептерін ұсынатын 33 шетелдік университет филиалы ашылды. Сонымен қатар технологиялық парктер мен инжиниринг орталықтары құрылып, ғылыми инфрақұрылым жүйелі түрде жаңартылып келеді.

Ғылымды басқарудың институционалдық негізі де нығайтылды. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданып, ғылыми саланы басқарудың заманауи құқықтық тетіктері қалыптасты. Ұлттық ғылым академиясының рөлі күшейіп, барлық өңірлерде Ғылым жөніндегі кеңестер құрылды. Бұл қадамдар ғылыми саясатты тиімді үйлестіруге және өңірлік ғылыми әлеуетті дамытуға мүмкіндік береді.

Ұлттық ғылымның кадрлық әлеуетін нығайту да мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып отыр. Осы тұрғыда жүзеге асырылып жатқан «Жас ғалым» гранттық бағдарламасы жас зерттеушілерді қолдаудың тиімді тетігіне айналды. Бағдарлама іске қосылған кезде жас зерттеушілерге мыңға дейін грант бөлу міндеті қойылған болатын. Бұл мақсат толық орындалды.

2022-2025 жылдары өткізілген конкурстардың нәтижесінде жалпы сомасы 23,16 млрд теңгені құрайтын 941 ғылыми жоба қолдау тапты. Бұл көрсеткіш жас зерттеушілердің мемлекеттік ғылыми саясаттың маңызды бөлігіне айналып келе жатқанын көрсетеді.

Қазіргі таңда еліміздегі зерттеушілердің жалпы санының 47 пайызын, яғни 12 758 адамды жас ғалымдар құрайды. 2025 жылға қарай олардың гранттық

жобаларды жүзеге асырудағы үлесі 30,1 пайызға жетті. Бұл ғылыми қауымдастыққа жаңа буын зерттеушілерінің рөлі айтарлықтай артқанын айғақтайды.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі де тұрақты өсім көрсетіп келеді. Мәселен, 2023 жылы «Жас ғалым» бағдарламасына 2,75 млрд теңге бөлінсе, 2025 жылы бұл көрсеткіш 7,58 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Мұндай динамика мемлекеттің жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін дамытуға стратегиялық басымдық беріп отырғанын көрсетеді.

Жас зерттеушілерді қолдау тек гранттық қаржыландырумен ғана шектелмейді. Ғалымдардың тұрақты ғылыми қызметпен айналысуына жағдай жасау мақсатында әлеуметтік қолдау шаралары да жүзеге асырылады. Осы бағытта 2023-2026 жылдары жас ғалымдарды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша нақты тетіктер енгізілді. Бүгінгі күні 606 пәтер жас зерттеушілерге табысталды. Оның ішінде 483 пәтер «Отбасы банк» АҚ арқылы жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы аясында берілсе, Мемлекет басшысының тапсырмасымен соңғы екі жыл ішінде 123 пәтер жас ғалымдарға өтеусіз негізде бөлінді. Бұл шаралар ғылыми мансаптың тартымдылығын арттырып, талантты мамандардың ғылым саласында тұрақты жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Ғылымның өңірлік дамуына да ерекше назар аударылып келеді. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап өңірлік өкімдіктерге ғылыми-технологиялық саясатты жүзеге асыру бойынша қосымша өкілеттіктер берілді. Бұл ғылыми саясатты өңірлік экономиканың нақты қажеттіліктерімен ұштастыруға мүмкіндік береді. Алматы мен Астана ірі ғылыми орталықтар ретінде көш бастап отыр. Қазіргі таңда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын ішкі шығындардың басым бөлігі Алматы және Астана қалаларында шоғырланған. Атап айтқанда, Алматы қаласының үлесіне 43 пайыздан астамы тиесілі болса, Астана қаласы 20,4 пайызды құрайды. Сонымен қатар өңірлерде де ғылыми белсенділік артып келеді. Мысалы, Маңғыстау облысында ҒЗТҚЖ-ның 86 пайызы ұйымдардың өз қаражаты есебінен қаржыландырылып отыр. Бұл бизнестің

ғылымға белсенді қатысып отырғанын және ғылыми зерттеулердің экономикамен тығыз байланыста дамып келе жатқанын көрсетеді. Өңірдегі ғалымдардың орташа жалақысы 845 мың теңгеге жетіп, республикалық орташа деңгейден 2,4 есе жоғары болып отыр.

Өңірлік ғылыми инфрақұрылымды дамыту мақсатында 2024-2026 жылдарға арналған бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясында жоғары оқу орындарының базасында алты академиялық және зерттеу озықтық орталығы құру жұмысы басталды. Бұл орталықтар еліміздің негізгі макроөңірлерін қамтып, өңірлік ғылыми орталықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Мәселен, Каспий технологиялар және инжиниринг университеті батыс өңірінің ғылыми әлеуетін дамытуға бағытталса, Ақтөбе және Қостанай өңірлік университеттері батыс пен солтүстік аймақтарды қамтиды. Ал Тараз университеті оңтүстік өңірге, Халықаралық қазақ-түрік университеті оңтүстік-шығыс аймаққа, Шығыс Қазақстан техникалық университеті шығыс өңірдің ғылыми дамуына үлес қосады.

Алдағы кезеңде бұл тәжірибе кеңейтіліп, жаңа университеттердің қатысуымен озықтық орталықтарының желісін ұлғайту жоспарланып отыр. Мұндай тәсіл өңірлер арасында ғылыми бәсекелестікті арттырып, ғылыми нәтижелердің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Соңғы екі жыл ішінде өңірлерде 13 ғылыми-технологиялық сессия өткізіліп, ірі өнеркәсіптік кәсіпорындармен тұрақты өзара іс-қимыл тетіктері қалыптасты. Бұл ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты күшейтіп, ғылыми зерттеулердің нақты экономикалық қажеттіліктерге бағытталуына мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда ғылым мен жоғары білім саласына салынған инвестициялардың өсуі, халықаралық әріптестіктің кеңеюі, жас ғалымдарды қолдау және өңірлік ғылыми инфрақұрылымды дамыту Қазақстанда адами капиталды нығайтуға бағытталған жүйелі саясаттың нәтижесін көрсетеді. Бұл шаралар ғылымның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына нақты үлес қосатын қуатты қозғаушы күшке айналуына негіз қалайды.

## AI LAB + ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЗЕРТХАНАСЫ

АРЕС PetroTechnic жоғары колледжі базасында AI Lab+ жасанды интеллект зертханасы іске қосылды. Жаңа білім беру алаңы Қазақстанда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды қадамына айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті дамытуға басымдық берілетін кезең ретінде айқындап, бұл бағыттың ел экономикасы мен технологиялық ілгерілеуіндегі стратегиялық маңызын атап өткен болатын.

AI Lab+ зертханасының ашылуы Қазақстан мен Қытай арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастықтың нақты нәтижесі болды. Қазіргі уақытта екі ел арасында студенттер алмасу, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ «Цифрлық Жібек жолы» бағытында бастамаларды дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

AI Lab+ зертханасы студенттердің жасанды интеллект, робототехника, компьютерлік көру және басқа да цифрлық технологиялар салаларындағы практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Мұнда білім алушылар өндірістік ортаға барынша жақын жағдайда тәжірибе жинақтай алады. Зертхана бірнеше заманауи оқу-зертханалық кешендермен жабдықталған.

Атап айтқанда, жасанды интеллект құрылғыларына арналған кешен студенттерге бейне мен дыбысты тану, сондай-ақ «ақылды кампус» жүйелерін өзірлеуді меңгеруге мүмкіндік береді.

Ал роботталған бақылау кешені өндірістік процестерді модельдеуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, ROS негізіндегі автономды көлік платформасы мобильді роботтар мен автономды басқару жүйелерін тәжірибе жүзінде зерттеуге жол ашады.

AI Lab+ зертханасы студенттер үшін ғылыми-зерттеу және қолданбалы жобаларды іске асыратын тиімді алаңға айналып, еліміздің цифрлық трансформациясына үлес қоспақ.

\*\*\*

## КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТІП, ӨЗ ӨНДІРІСІН АШТЫ

Жамбыл облысындағы №7 Бетқайнар колледжінде заманауи тігін цехы іске қосылды. Бұл бастама студенттердің кәсіби дайындығын жаңа деңгейге көтеріп, білім мен өндірісті нақты біріктіретін бірегей алаңға айналды.

Колледждің бос ғимаратына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, шағын кәсіпорынды заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен қаражат бөлінді. Нәтижесінде толық жабдықталған тігін цехы пайдалануға берілді.

Мұнда «тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығының студенттері дипломалды тәжірибеден өтіп, нақты тапсырыстарды орындауда. Бұл орта оларға кәсіби құзыреттерін дамытуға және еңбек дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Цехта ұлттық және заманауи стильдегі киімдер, сондай-ақ арнайы жұмыс киімдері тігіледі.

Колледждегі шағын кәсіпорын студенттерді нақты өндірісте кәсіби маман ретінде дайындайтын алаң. Ұлттық және заманауи киімдерді тігіп, нақты тапсырыстар орындау арқылы студенттер бәсекеге қабілетті маман болуға дайындалады.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «Шымкент қалалық денсаулық сақтау басқармасының ШЖК «Қалалық перинаталдық орталығы» МКК. Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұрсат мөлтек ауданы 188 ғимарат мекенжайында орналасқан. Шымкент қалалық денсаулық сақтау басқармасының ШЖК «Қалалық перинаталдық орталығы» МКК жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары бірінші экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz>) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 02.04.2026ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-86@mail.ru тел: 87079476947.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ГКП на ПХВ «Городской перинатальный центр» управления здравоохранения города Шымкент сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: ГКП на ПХВ «Городской перинатальный центр» управления здравоохранения города Шымкент» расположенного по адресу: г.Шымкент, район Каратау, мкр.Нурсат строение 188. Проектная документация доступно на едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz>). Все замечания и предложения принимаются с 02.04.2026г в течение 5 рабочих дней. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

## АЛИМЕНТ ӨНДІРУ ТУРАЛЫ АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚЫЗМЕТТЕГІ МӘСЕЛЕСІ

Бүгінгі таңда сот шешімі бойынша ата-анадан көмелетке толмаған балалардың пайдасына алимент өндіру өзекті мәселе болып отыр. Ата Заңымыз - Конституцияның 76 бабының 3 тармағы және ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 21 бабына сәйкес соттардың шешімдері, үкімдері мен өзге қаулылары барлық мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен міндетті түрде орындалуы тиіс.

Сот шешімін орындау тәртібі ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 236 бабында көрсетілген. Аталған бап бойынша сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы жазылады, ол өндіріп алушыға беріледі не оның жазбаша өтініші бойынша сот оны борышкердің мекенжайына байланысты, аумағы бойынша атқарушылық іс жүргізудің тиісті органына орындау үшін жібереді.

Соттың шешімі шыққанымен, оның орындалуы бөлек бір мәселе, өйткені сот шешімін орындау басқа органға - сот орындаушыларына жүктелген. Қазіргі кезде сот шешімдерінің орындалу мәселесіне аса мән берілуде. Атқарушы қызмет туралы заңдар жетілдіріліп, сот орындаушыларының материалдық-техникалық жағдайлары жақсартылған.

Сот шешімін орындамаған борышкерлерге (балаларына алимент төлемейтін қашқын әкелерге) әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті одан әрі күшейту көзделген. Көзіргі кезде халық көп шоғырланған көрнекі жерлерде борышкерлерді арнайы прокуратура органдарымен бірлесіп сот орындаушылары борышкерлерді арнайы жасалған билбордтарға жариялау орын алған. Бұл да борышкерлермен күресудің бір жолы. Осы шараларға қарамастан мемлекетімізде төленбей отырған, орындалмай жатқан алимент өндіру құжаттары баршылық. Ал шығарылған сот шешімі толығымен орындалмайынша жеке тұлғалардың немесе заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтары қалпына келтірілді деуге болмайды. Сот шешімдерінің орындалмауы сот жүйесінің ғана емес, жалпы мемлекеттің өзекті проблемаларының бірі.

Ажырасу көп болғандықтан, борышкерлер де қатары жыл санап артып келеді. Статистикалық мәліметтерге қарағанда, алимент өндіру жөніндегі шыққан әрбір төртінші сот шешімі орындалмайды. Туған баласынан безген бөзбүйрек әкелердің балаларын жастайынан «тірі жетім» атандырып, өз қанынан жаралған ұрпағына қатыгездік жасауы көңілге қаяу салмай қоймайды. Осындай қоғамдық ауыр мәселеден балалар зардап шегіп отыр.

Алименттер сот тәртібімен өндіріліп алынған кезде көмелетке толмаған балаларға өндіріліп алынатын алименттер мөлшерін заң төлеуші жал-ақысына үлесті қатынаста анықтайды. Көмелетке толмаған бір балаға ата-анасының

бір айлық еңбек ақысынан немесе басқа да табыстарынан төрттен бір бөлігі, екі балаға үштен бір бөлігі, үш және одан көп балаға тең жартысы мөлшерінде бөлінеді. Сот шешім шығару арқылы тараптардың материалдық, отбасылық жағдайларын ескере отырып көрсетілген үлестердің мөлшерін көбейте немесе азайта алады.

Алимент – заңда белгіленген жағдайларда бір отбасы мүшелерінің оның өзге мүшелерінің пайдасына төлеуге міндетті белгілі бір ақшалай қаражат.

Алимент төлеудің негізгі мақсаты – отбасының еңбекке қабілетсіз және көмек қажет ететін мүшелерін асырау болып табылады.

Қазақстанда балаға және бұрынғы жұбайлардың бір-біріне төлейтін алименті кең таралған. Десе де алименттік міндеттемелер тек осы екі топ-тең шектелмейді. Алименттің де көбісі біле бермейтін бірнеше түрі бар.

Ең біріншісі, ата-аналардың көмелетке толмаған балаларына төлейтін алименттік төлемі. Екіншісі, көмелет жасына жеткен балалардан өкешешесін асырауға өндірілетін алимент. Тағы бір түрі - некеде тұрған ерлі-зайыптының және бұрынғы жұбайлардың бір-біріне төлейтін алименті. Ерлі-зайыпты дәм-тұзы жараспай, ажырасып кетсе де, бір-бірінен заңда көрсетілген тәртіппен алимент өндіруге құқылы.

Көмелетке толмаған, еңбекке жарамсыз балалар ата-анасынан алимент өндіруге мүмкіндігі болмаған жағдайда, өздерінің көмелетке толған, еңбекке жарамды, қаражаты бар туған аға-апаларынан сот тәртібімен алимент өндіруге құқылы.

Сондай-ақ, ата мен әженің де немерелері алдында алименттік міндеттемелері болады. Егер көмелет жасына толмаған бала өкешешесінен, туған аға-апаларынан алименттік төлем өндіруге мүмкіндігі болмаса, онда материалдық жағдайы бар атасы мен әжесінен алимент алуға құқылы. Және де, керісінше, көмекке мұқтаж атасы мен әжесінің еңбекке жарамды, көмелетке толған немерелерінен алимент өндіріп алуға құқығы бар.

Егер өкенің берешегі жиналып қалса, онда сот орындаушылар астындағы көлігін алып қойып, оны сатып, қарызды өндіреді. Дүние-мүлкіне тыйым салып жатады. Сосын борышкер әкелердің Қазақстан аумағынан шығуына шектеу қояды. Алимент бойынша қарызын өтемегенше, жүргізуші куәлігінің күшін жояды. Мұндай шаралардың бәрі алименттен жалтарып жүрген әкелерге ой салады. Себебі көлігімен жолаушы тасып, нәпақасын тауып жүргендер бар, енді бірі жұмыс бабымен шетелге жиі шығады. Яғни, оларды абақтыға қамап қойғаннан гөрі, алиментті уақытында төлеп тұруға түрткі болатын шараларды қабылдау тиімдірек.

Қазақстанда алимент төлеуден жалтарғандардың қарызы 5,7 млрд теңгеден асқан. Али-

ментке берешек екі мыңға жуық адам қашып жүр.

Қазіргі таңда алимент өндірісі жеке сот орындаушылардың орындауына тапсырылған.

Алимент өндіру туралы соттың бұйрығы келген соң сот орындаушысы үш күннің ішінде борышкерді оған қатысты өндіріс ашылғаны туралы хабардар етеді. Борышкер өзі жайлы барлық ақпаратты ұсынуға міндетті.

Осы таңда алимент өндіруге айрықша мән беріліп жатыр. Алимент мәселесін шешу мақсатында жұмыспен қамту орталықтары және прокуратура органдарымен бірлесіп, алимент төлемдер бойынша қарыздары бар және жұмыссыз борышкерлерге арналған бос жұмыс орындар жәрмеңкелері өткізіліп, жұмыссыз жүрген борышкерлерді жұмысқа орналастыру да кең орын алған.

Алимент мәселесін шешуге арналған шаралар мұнымен шектеліп отырған жоқ. Былтырдан бері борышкер әкелерді жүргізуші куәлігінен айыру жазасы қолданылып келеді. Әсіресе, борышкерлердің ел аумағынан шығуына шектеу қою шарасы жемісті болып отыр. Осының нәтижесінде жаз мезгілдерінде демалуға немесе шекаралас елдерге жұмыс істеуге шыққылары келген борышкерлердің көбі қарыз сомаларын бірден төлейтін болған.

Тұрғылықты мекенжайын анықтау мүмкін болмайтын алименттік борышкерлерге сот арқылы іздеу жарияланады.

Кімдердің алимент төлеуіне болады? Халық арасында “азамат жұмыссыз болса алимент төлемейді екен” деген “наным-сенім” бар. Алайда бұл - жалған. Тек мүгедек, ақыл-есі дұрыс емес, еңбекке қабілетсіз азаматтар ғана алимент төлемейді. Бірақ жоғарыда аталған азаматтар үкіметтен жәрдемақы алатын болса, алиментті сол жәрдемақыдан төлейді. Сонымен бірге түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жүрген сотталғандардан, денсаулықтарын сақтайтын емдеу профилактикалық мекемелерінде емделіп жатқан, маскүнемдікпен, нашақорлықпен ауыратын өндіріп алулар заңға сәйкес жүргізіледі.

Өкінішке орай қазіргі таңда балаларына алимент төлемей, жалтарып жүрген ата-аналар саны жетерлік. Алимент бойынша сот шешімін орындаудың ең оңай жолы, жұмыскер жұмыс жасаған жағдайда атқарушылық құжатты жұмыс орнына жіберу болып табылады. Заң бойынша алимент төлеуден жалтарған борышкерлерді темір торға қамауға алу қарастырылған, бірақ қазіргі таңда қылмыстық жауапкершілікке тартылған борышкерлер жоқ деуге болады.

Саналы ұрпақ – жарқын болашақ, деп ата - бабаларымыз айтып кеткендей, жақсы ұрпақ өсіру өр отбасының міндеті деп санаймын.

**Ж.О. АГАБЕКОВА,**  
Шымкент қаласының атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы

## ӨНДІРІСТІК АЙМАҚТАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ ТАЗАРТУДАН БАСТАЛАДЫ



Ақпан айының басында Бадам өзені үлкен қауіпке ұшырады: құрамында сульфат мөлшері жоғары 100 текше метрден астам өнеркәсіптік ағынды су өзенге төгілген. Бұл заттар су экожүйесі мен тіршілік иелері үшін аса улы болып табылады. Соның салдарынан экологтар шамамен 900 килограмм өлі балық жинады. Бұл жағдай өзен экожүйесіне орасан зиян келтірді. Аталған дерек бойынша қалалық экология департаменті тарапынан тексеру басталды.

Жаңа индустриялық аймақтардың құрылуы мен инвестиция тарту, сөзсіз, қаланың экономикасын нығайтып, өнеркәсіптің дамуына серпін береді. Алайда экономикалық өсіммен бірге кәсіпорындардың жауапкершілігі де арта түседі. Экологиялық және санитарлық нормалардың сақталуын қатаң бақылау – заңнаманың міндетті талабы әрі қалалық ортада өнеркәсіптің қауіпсіз жұмыс істеуінің негізгі шарты.

Бүгінде «Ордабасы» индустриялық аймағында 146 кәсіпорын жұмыс істейді. Ал «Оңтүстік» индустриялық аймағында 99 кәсіпорын бар, олардың 64-і ғана «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-мен ағынды суларды қабылдау және бақылау бойынша келісімшарт жасаған. Арнайы экономикалық аймақта орналасқан 26 кәсіпорынның тек 12-сі ғана келісімшартқа отырған.

«Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-нің сынақ зертханасы ауыз су мен ағынды судың сапасына тұрақты түрде мониторинг жүргізіп, олардың қауіпсіздігі мен белгіленген нормаларға сәйкестігін бақылауды қамтамасыз етеді. Зертхана мамандары жүйелі түрде химиялық талдаулар жүргізіп, ағынды сулардағы ластаушы заттардың шамадан тыс мөлшерін дер кезінде анықтайды.

«Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС сынақ зертханасының мониторинг деректеріне сәйкес, қаңтар-ақпан айлары аралығында «Ордабасы» индустриялық аймағында жүргізілген өнеркәсіптік ағынды сулардың химиялық талдауы кейбір күндері ХПК көрсеткішінің (химиялық оттегі тұтынуы) және басқа да көрсеткіштер-

дің едәуір артуын тіркеген.

Ағынды сулардағы ХПК көрсеткішінің жоғары болуы – суда зиянды заттардың мөлшері көп екенін білдіретін маңызды белгі. Бұл көрсеткіштің жоғары болуы су құрамында көп мөлшерде органикалық ластаушылар бар екенін көрсетеді. Мұндай заттар табиғи су айдындарына түскен жағдайда экожүйенің жағдайын күрт нашарлатып, судағы тірі ағзалардың жаппай қырылуына өкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, осы индустриялық аймақтағы санаулы кәсіпорындарда жергілікті тазарту құрылыстары (ЛОС) өлі күнге дейін орнатылмағанын атап өткен жөн.

«Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС экологиялық қауіпсіздіктің негізгі шараларының бірі ретінде өнеркәсіптік кәсіпорындарда жергілікті тазарту құрылыстарын орнатуды, сондай-ақ ағынды суларды бақылау датчиктерін енгізуді ерекше атап өтеді. Мұндай датчиктер нақты уақыт режимінде ластану деңгейін анықтап, улы заттардың қалалық көріз жүйесіне және табиғи су айдындарына түсуінің алдын алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар кәсіпорындарға кез келген ауытқуларға жедел әрекет етуге жағдай жасайды.

Бадам өзенінде орын алған жағдай экологиялық талаптарды елемей ауыр салдарға өкелетінін айқын көрсетті. Жергілікті тазарту құрылыстарын орнату, ағынды суларды бақылау датчиктерін енгізу, бизнес өкілдерінің жауапкершілігі және мемлекеттік органдардың қатаң бақылауы бірге отырып қана өзендерді, жерасты суларын және Шымкент қаласы тұрғындарының денсаулығын сенімді қорғауға мүмкіндік береді.

«Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС қаладағы барлық өнеркәсіптік кәсіпорындарды экологиялық нормаларды сақтауға, қоршаған ортаны қорғау мәселесіне жауапкершілікпен қарауға және ағынды суларды бақылаудың заманауи жүйелерін енгізуге шақырады.

Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, су ресурстарын болашақ ұрпақ үшін сақтап қалуға болады.



**Открылось наследство**

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Сапархановой Жансай Пернебекқызы, умершей 03.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Кузьмина Руслана Николаевича, умершего 10.10.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Палачевой М.В. г.Шымкент ул.Турысева 51 а. тел. 8 701 982 44 57.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Тепляковой Людмилы Михайловны, умершей 11.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Юсуповой Ш.С. г.Шымкент ул.1 Мая 9-2 тел. 8 778 260 40 23.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Умирбекова Калмурзы Тагабаевича, умершего 05.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Брилева Михаила Евгеньевича, умершего 06.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Кожановой Д.Р. г.Шымкент Тамерлан шоссе 22.тел. 8 771 307 55 22.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Ержигитова Алтынбека Аширхановича, умершего 15.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г.тел. 8 771 383 43 47.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Ташметовой Мамлаката Юлдашевны, умершей 23.02.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 771 383 43 47.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Байтиковой Динакуля Абдижаировны, умершей 31.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 771 383 43 47.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Айжанова Алибека Токтабековича, умершего 02.10.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Бабаевой Л.К. г.Шымкент ул.Желтоқсан 20 Б.-111.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Байганаевой Кулларшина, умершей 11.04.2011г. Наследникам обращаться к нотариусу Атеновой Э.М. г.Шымкент ул.Иляева 4-44 тел. 8 775 837 39 67.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Махсутовой Мавлуды Юлдашевны, умершей 23.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Назаровой З.С. пр.Республики 21. тел. 8 702 762 32 19.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Елешовой Аксулу Космурзақызы, умершей 20.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Диханбаеву А.С. г.Шымкент ул.Толеби 39/3 тел.8 775 756 98 99.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Захарченко Александра Сергеевича, умершего 13.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Кемеловой А.С. г.Шымкент ул.Рыскулбекова 5/5 тел. 8 701 716 27 81.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Алипбековой Даригы, умершей 10.10.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Джанизаковой Н.Р. г.Шымкент ул№9Желтоқсан 7 тел. 8 701 222 42 83.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Кожамбетовой Бахытжана Нуралиевны, умершей 13.11.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Карахбаева Жанымсбая Жорабековича, умершего 24.10.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Бурабай А.К. Туркестан обл. с.Рыскулова ул.Рыскулова 290. тел. 8 708 824 79 95.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Джекембаевой Аллы Сулеевны, умершей 25.11.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Баратова Асхата Есимхановича, умершего 12.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр.Нурсат 39/1 тел. 8 777 686 66 13.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Пак Нелли Юрьевны, умершей 27.02.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Досимбековой Т.В. г.Шымкент ул.Иляева 4-81 тел. 8 701 717 45 71.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Тимошковой Галины Александровны, умершей 29.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Досимбековой Т.В. г.Шымкент ул. Иляева 4-81 тел. 8 701 717 45 71.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Юсупова Роберта Еркиновича, умершего 29.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Рыскулова 80 тел. 8 707 848 38 58.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Гусенинова Азизхана Исаевича, умершего 23.10.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Маделим кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Балтабаева Закира Давлетбаевича, умершего 22.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Султанбекову Е.Т. г.Шымкент ул.Иляева 4-41 тел. 8 701 718 10 49.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Мынбаевой Гульжана Жаксылыковны, умершей 09.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Ешаевой Г.Д. г.Шымкент ул. Байтерекова 89. тел. 8 771 685 75 23.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Тулебаева Марата Каюмовича, умершего 13.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Карабаевой Д.Л. г.Шымкент тел. 8 701 230 30 31.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Карпенко Олега Андреевича, умершего 24.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Рахметовой Г.Р. г.Шымкент ул. Иляева 15-26.тел. 8 747 525 58 28.

**Ликвидация**

\*\*\* ТОО"ВМ-корпорация" объявляет о своей ликвидации БИН 190540025397, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр.Отырар 41-43.

\*\*\* ТОО"ТСК Алатау" объявляет о своей ликвидации БИН 190240034157, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент мкр.Туран ул Кызыл 16 А.

\*\*\* ТОО"AGDS-Techndazor" объявляет о своей ликвидации БИН 220340032455, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.

кования. Казахстан г.Шымкент ул.Кабанбай батыра 9 Б.кв.52.

\*\*\* ТОО"ZHAUN"объявляет о своей ликвидации БИН 240440036866, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Астана ул.Ш.Калдаякова дом 23 кв 249.

\*\*\* ТОО"ЗОЛОТО-ЛОМБАРД" объявляет о своей ликвидации БИН 240940011125, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент мкр. Шугыла дом 722.

\*\*\* ТОО"Детский центр "АММА" объявляет о своей ликвидации, БИН 230940025936,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул.Рыскулбекова 4.

**Жарамсыз деп танылсын**

\*\*\* Утерянный разрешительный документ ИП" Гусенинова" БИН 880201400823, бланк на международные перевозки грузов Россия 3 стран. №0294256-считать недействительными.

\*\*\* Утерянное удостоверение по факультету усовершенствования врачей и фармацевтов в связи с окончанием цикла переподготовки по специальным "Дерматовенерология" проведенного с 03.09.2012г. по 26.12.2012г. на имя Султановой Гульнавата Кудайкуловны считать недействительными.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

Шымкент қаласы Қатын көпір м/а Аль-Фараби көшесінде орналасқан "Ақ-Ниет" өндірістік кооперативі кезектен тыс жалпы жиналыс шақырылатынын хабарлайды. Өтетін жері Самал-3 м/а Юсупов көшесі 98 үйде, 29.03.2026ж. сағ 13.00-де. Хабарламаны жіберген: Бидайбаев Ж.С., Жанботаев С. Сайтхожаев М. Байланыс тел. 8 701 663 38 48.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

27.04.2026г. в 11:00 по времени Астаны ТОО"ПК Шымкентдорстрой" проведет отчет перед потребителями за 2025г. по услуге подвездных путей. Место проведения: Туркестан.обл. Сайрамский р/н с.Манкент ул. Бирлик №45.

**Извещение**

Внеочередное общее собрание участников ТОО" Leader -W" состоится 07.04.2026г. в 15:00 по адресу г.Шымкент Самал-1 ул. Адиходжаева дом 24. Участие лично или через доверенного представителя. Решения принимаются большинством голосов участников согласно законодательству и Уставу ТОО. Извещение публикуется в газете и является официальным уведомлением участников.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

Юлчиев Шахимардан Кучкарович келесі ШНШ, ҚББ, ӨЭБ бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспарлы жобалар бойынша балық шаруашылығына жасалған ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу орны: Түркістан облысы, Сауран ауданы, Орангай ауылы, Мектеп көшесі, 5А (Орангай ауыл округі әкімдік ғимаратында)

Өткізу күні мен уақыты: 2026 жылдың 27 сәуір сағат 10:00-де.

Конференцияға онлайн қосылу: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZlbnhJnTknRUt09> Конференция идентификаторы: 616 540 8596 Кіру коды: 123456

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі порталда танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk> танысуға болады Мекенжайы: Түркістан қаласы, Жаңа қала ш.а., 160 квартал., 32 көше e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Бастамашы: Юлчиев Шахимардан Кучкарович, мекенжайы: Түркістан қаласы, Бейнеткеш көшесі, 9 тел. +7 775 631 2424

Орындаушы: «Tabigat8» ЖК, Шымкент қ., 189 кв, 33 үй. тел. +77711515038. Email:zhadra\_140992@bk.ru

Юлчиев Шахимардан Кучкарович барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекен-жайы бойынша енгізе алады: a.erkebai@ontustik.gov.kz, zhadra\_140992@bk.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен Түркістан қаласы, Бейнеткеш көшесі, 9 мекен-жайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға: +7 775 631 2424

Географиялық координатасы: Ендік: 43к22'5.83"С Белдік: 68к18'8.81"В

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

Юлчиев Шахимардан Кучкарович объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектам НДВ, ПУО, Программа ПЭК, План мероприятий по охране окружающей среды для рыбного хозяйства.

Место проведения: Туркестанская область, район Сауран, с. Орангай, улица мектеп, 5А (в здании акимата Орангайского с/о)

Дата и время проведения: 27 апрель 2026 года в 10:00.

Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZlbnhJnTknRUt09> Идентификатор конференции: 616 540 8596 Код доступа: 123456

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk> Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природопользования Туркестанской области», адрес: г. Туркестан, мкр. Новый город, кварт. 160, ул. 32. e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: Юлчиев Шахимардан Кучкарович адрес: город Туркестан, улица Бейнеткеш, 9 тел. +7 775 631 2424

Исполнитель проекта: ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 квартал, дом 33 тел. +77711515038. Email: zhadra\_140992@bk.ru

Юлчиев Шахимардан Кучкарович приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: zhadra\_140992@bk.ru, a.erkebai@ontustik.gov.kz.

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: город Туркестан, улица Бейнеткеш, 9 По всем вопросам обращаться по телефонам: +7 775 631 2424

Географические координаты: Широта: 43к22'5.83"С Долгота: 68к18'8.81"В

**АЙҒАҚ**

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарыда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

**Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС**

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА** - Бас редактор  
**Арайлым ӘБСАҒАТ** - журналист  
**РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:**  
160000, Шымкент қаласы, Ф. Іляев көшесі, 29. E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz  
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші  
Мұхтар СЕРІКБАЕВ - Тарату бөлімі  
Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама

**Газет тарайтын облыстар мен қалалар:**

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі

658336

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «М-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.

Талсықы: №071  
Таралымы: 5100

Нөмірдің кезекті редакторы - Әлия ҚҰРАЛБЕК

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Колемі үш компьютерлік беттен асытын материалдар қабылданбайды. «Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

## ЖАСЫЛ ДӘРІХАНА



## БӘЙШЕШЕКТИҢ ЕМДІК ҚАСИЕТІ



Бәйшешек - биіктігі 35 сантиметрге жететін қоңырқай түсті, қысқа, тамыр сабағы жіңішке, қосалқы тамырылары бар көп жылдық, шөп тектес өсімдік. Мамыр айында гүлдеп, шілде айында жеміс береді.

Бәйшешек шабындықтарда, орман ішінде, бұталардың арасында, таулы беткейлерде өседі. Дәрі үшін өсімдіктің жапырағы мен тамыр сабағы, тамырлары пайдаланылады. Құрамында С дәрумені, сапониндер, эфир майлары, гликозидтер, примверин, флавоноидтар бар.

Бәйшешектен жасалған дәрілердің тер шығаратын, дененің қызуын төмендететін, жөтелді басатын, құрқұлаққа шипа болатын, несептің бөлінуін күшейтетін қасиеттері бар. Халық медицинасында орталық нерв жүйесінің жұмысын қалпына келтіру үшін, өкпе және бронхтар қабығында қақырық түсіру үшін қолданылады. Ревматизм ауруына байланысты буындардың сырқырағанын басу үшін, бүйректің және қуықтың кейбір ауруларын емдеу үшін пайдаланылады. Сонымен қатар, бұл өсімдікпен халық медицинасында іштің жүрмей қалуын, бас ауруын және мигренді емдейді.

Дәріні дайындау және қолдану тәсілі.

20 грамм тамырды қайнап тұрған 2 стакан суға салып, 20 минут тұндырып қояды да, жарты стаканнан күніне 3-4 рет ішеді. Оның жапырақтарынан тұнбаны былай жасайды: Ұнтақталған бір ас қасық жапырақты қайнап тұрған 1 стакан суға салып 20 минут тұндырады да, жарты стаканнан ішеді.

## 20 кеңес

## АЯҚ ЖӘНЕ ТЫРНАҚ КҮТІМІ

1. Күн сайын жылы сумен жуыңыз, судың температурасы - 30-35С

2. Сіздің теріңізді түріне сәйкес келетін сабынды қолданыңыз.

3. Бұған құрамында алкогольі бар қоспаларды (ішіндегісі қаптамасында көрсетілген) қолданбаңыз.



4. Жуып болғаннан кейін Сіз аяғыңыздың, әсіресе башпайларыңыздың арасының, толық құрғатылғанына көңіл бөліңіз.

5. Құрғап қабыршақтанған, жарылған тері сақтықты қажет етеді. Сіздің аяғыңыз өте құрғақ болғаны.

6. Мұндай жағдайда күн сайын табаныңызға аяққа арналған крем жағыңыз, алайда башпайлардың арасына жақпаңыз.

7. Күстенген теріні пемзамен (кеуек таспен) ұдайы өңденіз.

8. Пемзаны жиі жаңартып отырыңыз, онда зеңдер пайда болуы мүмкін.

9. Мүйізгекке арналған пластырьды пайдаланбаңыз.

10. Аяқтағы мүйізгектерді ешқашан да кеспеніз.

11. Аяқты жылыту үшін еш уақытта грелканы пайдаланбаңыз, сезім-

талдықтың төмендеуіне байланысты бұдан аяғыңыз күйіп қалуы мүмкін

12. Аяққа күн сайын жаттығулар жасаңыз (мысалы, аяқ башпайларын бүгіп және жазып). Жаттығулар жиынтығын дәрігерден немесе “Диабет мектебінен” білуіңіз қажет.

13. Күн сайын кем дегенде 30 мин серулендізі.

14. Аяқтағы тырнақтарды ұдайы егеп тұрыңыз.

15. Тырнақтарды тікелей егеңіз. Бірақ ұшы өткір күйінде қалмасын - олар басқа башпайларды зақымдауы мүмкін.

## Өзіңізге қандай аяқ-киім сатып алуыңыз керек?

16. Аяққа алғаш өлшеген кезде ауыртпайтын, кең, ыңғайлы және аяққа жайлысын сатып алыңыз.

17. Аяқ киімді күннің екінші жартысында таңдаңыз. Өйткені аяқ бұл кезде ісінетін болғандықтан, өз өлшеміңізді өте дәл анықтай ала аласыз.

18. Аяқ киімде бөгде заттардың жоқтығын, ұлтарағы бүктеліп қалған-қалмағанын ұдайы қарап жүріңіз.

19. Нәскиді немесе шұлықты күн сайын алмастырыңыз.

20. Мақтадан жасалған нәски киген дұрыс, онан жарақат ізін (қан немесе ірің қалдығын) бірден байқауға болады.

## ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІ НЕГЕ ТӨМЕНДЕЙДІ?

Есте сақтау қуатының төмендеуі бұл күнде қарттар түгелі жастарды да жиі мазалайтын дертке айналды. Тынысы тар, шуылы мол қала өмірінің жүйкеге әсері ме, өлде дайын азықтықтардың кері әсерінен бе, жасөспірімдер мен жастардың арасында да есте сақтау қуатының төмендеуі жиі кездесе бастады.

Кей кездері кездейсоқ бір жағдайлардың есте ұзақ уақыт сақталатын кезі болады. Ал кейде есте берік сақтадым дейтін жағдайлар бірден ұмыт болып жатады. Көлікте кетіп бара жатып, терезе сыртына қарағанда бір-бірлеп артта қалып жатқан табиғат көріністерін тартып, басқа да көріністер болсын есте ұзақ тұрмайды. Себебі, бұл лездік көру түйсігі арқылы миға қабылданған мәліметтер. Медицинада бұны сезімдік есте сақтау деп атайды.

Мұндай ұсақ-түйек істердің мида ұзақ уақыт сақталмауының себебі олардың ми қыртысының гипокампиында гана сақталуынан. Ал біреуге берген уәде және алдын ала жоспарланған атқаруға тиісті маңызды жұмыстар адамның ми гипокампиының маңындағы нервтік қай-

ту жолына жеткізіледі де, әдетте неше күнге дейін естен кетпейді. Бұл қысқа уақыттық есте сақтау деп аталады. Өз есіміңіз, мекенжайыңыз, туыс-туғандардың есімі, үйренген іліміңіздің жадыңызда ғұмыр бойы тұруы, бұл атаулардың үлкен мидың нервтік қайтар жолына көп рет кіріп-шығып тұруының әсері әрі үлкен ми қыртысының ретке салынуының көмегімен осы ұғымдар ұзақ уақыт есте сақтауға жатады.

Есте сақтау қабілетінде болатын өзгерістер қоректік заттармен де, жаспен де қатысты болады. Төменде біз есте сақтау қуатын қарастырып көрейік.

Дәрумен жетіспеушіліктен болатын ұмытшақтық. Гипокампии тканьдары - есте сақтау функциясына әсер ететін басты себебі. Ал гипопокампии тканьдарының функциясын сақтауда мырыш кем болса болмайтын элемент. Сонымен қатар, денеде мырыш кем болғанда адамдардың дәм сезу түйсігі әлсіреп, иммунитетті қуат төмендейді әрі еркектерді белсіздендіреді, түкті түсіреді. Сондықтан бидай өнімдерінен даярланған астарды көп тұтыну,

құрамында мырышы мол азықтықтарды көп жеу қажет. Әрине, бұл денесінде мырыш кем науқастар үшін.

Жастың ұлғаюына байланысты болатын есте сақтау қуатының төмендеуі. Адамдардың жасы ұлғайып, көрілікке бет алғанда есте сақтау қуаты төмендеп, өзгелерді танып-білу сезімі әлсіресе, бұл жастың ұлғаюына байланысты болатын ұмытшақтық. Бұл жағдай көрі адамдар үшін ми қан тамыр артериясының қатаюының әсері. Артерия қан тамырының қатаюы құрамында май өнімдерді көп тұтынудан, сол арқылы қандағы майдың көбеюінен, сезімдіктің әсерінен болады. Ал жоғары қан қысымы арқылы артерия қатаюу денеде тұз құрамының артуына байланысты болатын жағдай. Жоғары қан қысымы дертінен сақтану үшін тек тұзды аз тұтығандан гөрі құрамында магний, калий элементтері бар өнімдерді көп жеген пайдалы. Себебі магний мен калийдің клетканы натрийдан арылатын, жоғары қан қысымынан сақтандыратын рөлі күшті.

«Жас-Ай» журналы №6, 2010 ж.

## Пайдалы кеңес

## АДАМ ӨЗІНІҢ УЛАНҒАНЫН БІЛУІНЕ БОЛАДЫ?

Табиғат ағзада мол мөлшерде улы заттардың барын, ашыққан кезде тілдің бетін ақтағанда қоймалжыңмен жауып көрсетеді. Өмірлік маңызы бар бүйрек, бауыр бездерінің құрылысы сорғышты еске түсіреді. Тесіктері толып тұрған сорғышты көз алдыңызға елестетіңізші. Мен өз өмірімде ашығудың талай жайын бақыладым. Қазіргі қалыпты тамақты жеп, адамдардың қаншама улы заттарды ағзасына шоғырландырып жатқанын білемін. Адамға суық тиді делік. Ол тоқталып ойлануы керек, неге танауы мен тамағы арқылы көп маңқа мен сұйық бөлініп жатыр.

Ал адамның ағзасы өкпедегі, бүйреkteгі, өттегі жиналған улардан тазалануға мәжбүр, өзіндік қиыншылықтан осылай құтылуда.

Егер өзіңіз жайлы кеңірек білгіңіз келсе, мұқият тіліңізді тексеруден бастаңыз. Тіл – дененің әр мүшесінің ауру не сау екенін көрсететін мүше. «Сиқырлы айна» сізді жазап денсаулыққа жетелейтін жұлдызыңыз. Неғұрлым дұрыс ашығып, дұрыс тамақтансаңыз соғұрлым тіліңіз тазара береді. Таза тіл – сіздің ауырмайтын, шаршамайтын, қартаймайтын өмірге бет бұғандығыңыздың белгісі.

## АСТЫ ЖӨНСІЗ ІШІП ЖЕЙ БЕРУДІҢ САЛДАРЫ

Тамақ адамзат үшін алғыс та, қарғыс та болуы мүмкін. Артық жеген тамақ адам ағзасына көптеген зиян келтіреді. Бір күні ас қорыту жүйесінің артық жұмыс істеуден бас тартатын күні туады. Бұның салдары өте қатерлі болуы мүмкін. Ас қорыту жүйесінің ауруы – қазіргі заман адамының қасіреті. Ішектің бекітілуі осы аурулардың тізімін бастайды. Адам ішегінің ішінде жиналған улы қалдықтарды тазалауға тырысып, тонналаған ұнтақ дәрілер т.б. сатып алуда. Өркеніетті осы заманның адамы, қарнын қабақтай қылып толтырып алғандықтан, ас қорытылмайды және уақтылы шығарылмайды. Бұл ескі автокөліктің жылдамдығын арттырамын деумен тең. Ішектің бітелуі көптеген аурулардың басты себепкері екені дау тудырмасы анық. Осыған бір дәлел, кішкене тәжірибе жасап көріңіз. Түскі

тамаққа жейтініңізді түгел дайындаңыз, бірақ жеменіз, ыдысқа салып 38 градус жылылықтағы суға салып қойыңыз (ішектің ішіндегі жылулыққа сәйкес). Жылудың тұрақты болуын қадағалаңыз. Енді 8 сағат өткеннен кейін не болатынын байқаңыз. Бірінші байқайтыны ауыр, жаман иіс. Сонан кейін тамақ ашып, газ бөле бастайды. Газ қысымы адамға талай келеңсіздік әкеледі. Диафрагманы қысып, жүректің қысылуын т.б. жайсыздықтар жасайды. Ағзада осы божып жатқан быламықтан улар үзбей бөлініп, басты және басқа мүшелерді ауыртады. Жәй бактерологияның анықтағанындай, бактерияның көбеюіне тік ішекте қорытылмай қалған тамақтан жақсы орта жоқ. Сөйтп, біз өз ағзамызда, өзімізге қасірет әкелетін, сан жетпес жауды өсіріп өрбітіп отырмыз.

Егер суық тиіп жиі ауырсаңыз, осы аурудың қоздырғыштарын өсіретін, тіршілік ететін ортасына айланған – ішектің бітелуі. Зиянды тамақтарды көп жегенде пайда болатын улардан денеңіздегі ең маңызды мүше – бауыр зардап шегеді. Бауырдың ағза үшін маңыздылығын, өркім білуі тиіс. Бауыр көптеген қызметтер атқаратын химиялық лаборатория. Ол тек төслін гана білмейді, сондай-ақ ағзаның негізгі тазалағышы. Бауыр мен ішек, ас қорытуға қажет әріптестер. Егер әріптесінің біреуі пөлеге ұшыраса, екіншісі көмекке келеді. Осы жиі қайталанса, ағза талқандалады. Бауыр мен ішек жолдарының қызметі бұзылса, адам ауыр халге ұшырайды. Міне неліктен, ішек бітелгенде бауыр ауырып, басқа мүшелердің де сау болмайтыны сондықтан.